Облыстық кейбір ауылдық елді мекендерінің қайта атауы туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2005 жылғы 22 қазандағы N 22-3 бірлесткен шешімі мен Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2005 жылғы 6 қыркүйектегі N 293 қаулысы. Батыс Қазақстан облыстық Әділет департаментінде 2005 жылғы 9 қарашада N 2946 тіркелген.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, Бөкейордасы және Казталовка аудандарының жергілікті атқарушы және өкілетті органдарының бірлескен шешімдері мен ұсыныстарына сәйкес, облыстық ономастикалық комиссия мәжілісінің 2004 жылғы 1 қазандағы N 1-1, 2005 жылғы 6 шілдедегі N 1-2 қорытындысының есепке ала отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Батыс Қазақстан облысының кейбір ауылдық елді мекендерінің атаулары қайта аталсын:

Бөкейордасы ауданы бойынша:

Искра ауылдық округіндегі Искра ауылы Ұялы ауылы деп;

Искра ауылдық округі Ұялы ауылдық округі деп;

Казталовка ауданы бойынша:

Мирон ауылдық округіндегі Богатырев ауылы Болашақ ауылы деп;

Мирон ауылдық округі Болашақ ауылдық округі деп.

2. Осы шешім Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден кейін күшіне енеді.

Сессия төрағасы *Облыс әкімі*

Облыстық мәслихат хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК